

«ОЙЫН БИЗНЕСІНЕ САЛЫНАТЫН САЛЫҚ»

Орындаған: УиА-18-3каз тобының студенті Маясарова
Аяжан

Ғылыми жетекші: ИКЖМ кафедрасының аға
оқытушысы, экономика магистрі Кусаинова А.А.

Жоспар:

1. Ойын бизнесі салығын төлеушілер
2. Салық салу объектілері
3. Салық мөлшерлемелері
4. Салықты есептеу тәртібі. Салықтық кезең

ҚР Салық кодексінің 66-тарауында ОЙЫН БИЗНЕСІ САЛЫҒЫ туралы қарастырылған

- ▶ 534-бап. Ойын бизнесі салығын төлеушілер:
 - ▶ 1) казино;
 - ▶ 2) ойын автоматтары залы;
 - ▶ 3) тотализатор;
 - ▶ 4) букмекерлік кеңсе қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар ойын бизнесі салығын төлеушілер болып табылады.



Салық салу объектілері

- ▶ Ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде мыналар ойын бизнесіне салық салу объектісі болып табылады:
- ▶ 1) ойын үстелі;
- ▶ 2) ойын автоматы;
- ▶ 3) тотализатордың кассасы;
- ▶ 4) тотализатордың электрондық кассасы;
- ▶ 5) букмекерлік кеңсенің кассасы;
- ▶ 6) букмекерлік кеңсенің электрондық кассасы.



Салық мөлшерлемелері

- ▶ 1. Салық салу объектісінің бір бірлігінен ойын бизнесі салығының мөлшерлемесі мыналарды құрайды:
 - ▶ 1) ойын үстелі - айына айлық есептік көрсеткіштің 1 660 еселенген мөлшері;
 - ▶ 2) ойын автоматы - айына айлық есептік көрсеткіштің 60 еселенген мөлшері;
 - ▶ 3) тотализатордың кассасы - айына айлық есептік көрсеткіштің 300 еселенген мөлшері;
 - ▶ 4) тотализатордың электрондық кассасы - айына айлық есептік көрсеткіштің 4 000 еселенген мөлшері;
 - ▶ 5) букмекерлік кеңсенің кассасы - айына айлық есептік көрсеткіштің 300 еселенген мөлшері;
 - ▶ 6) букмекерлік кеңсенің электрондық кассасы - айына айлық есептік көрсеткіштің 3 000 еселенген мөлшері.



Салықты есептеу тәртібі. Салықтық кезең

- ▶ 1. Ойын бизнесі салығын есептеу, егер осы баптың 2-тармағында өзгеше белгіленбесе, әрбір салық салу объектісіне осы Кодекстің 535-бабында айқындалған тиісті салық мөлшерлемесін қолдану арқылы жүргізіледі.
- ▶ 2. Салық салу объектілері айдың 15-күніне дейін қоса алғанда пайдалануға берілген кезде ойын бизнесі салығы - белгіленген мөлшерлеме бойынша, 15-күннен кейін белгіленген мөлшерлеменің $1/2$ мөлшерінде есептеледі.
- ▶ Салық салу объектілері айдың 15-күніне дейін қоса алғанда шығып қалған кезде ойын бизнесі салығы - белгіленген мөлшерлеменің $1/2$ мөлшерінде, 15-күннен кейін белгіленген мөлшерлеме бойынша есептеледі.
- ▶ Күнтізбелік тоқсан ойын бизнесі салығы үшін салықтық кезең болып табылады.

Ойын бизнесі салығын төлеушілердің қосымша төлемі

- ▶ 1. Қосымша төлем ойын бизнесі саласындағы қызметтен алынған кірістің сомасы кірістің шекті мөлшерінен асып кеткен жағдайда есептеледі.
- ▶ 2. Қосымша төлемді есептеу мақсаттарында ойын бизнесі салығын төлеушілер үшін салықтық кезеңдегі кірістің шекті мөлшері мыналарды құрайды:
 - ▶ 1) казино қызметінен - айлық есептік көрсеткіштің 135 000 еселенген мөлшері;
 - ▶ 2) ойын автоматтары залы қызметінен - айлық есептік көрсеткіштің 25000 еселенген мөлшері;
 - ▶ 3) тотализатор қызметінен - айлық есептік көрсеткіштің 2500 еселенген мөлшері;
 - ▶ 4) букмекерлік кеңсе қызметінен - айлық есептік көрсеткіштің 2000 еселенген мөлшері.
- ▶ 3. Осы баптың 2-тармағында белгіленген кірістің шекті мөлшерлері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және салықтық кезеңнің бірінші күніне қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің мөлшері негізге алына отырып айқындалады.
- ▶ 4. Қосымша төлемді есептеу мақсатында салықтық кезең ішінде ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыру нәтижесінде алынған кіріс сомасы мен құмар ойынына және (немесе) бәс тігуге қатысушыларға төлемдер сомасы арасындағы оң айырма осындай қызметтен алынған кіріс деп танылады.



Қосымша төлемді есептеу мен төлеу тәртібі

- ▶ 1. Қосымша төлем кірістің шекті мөлшерінен асып кететін сомаға осы Кодекстің 313-бабының 1-тармағында белгіленген мөлшерлемені қолдану арқылы есептеледі және ол есепті салықтық кезеңнен кейінгі екінші айдың 25-күнінен кешіктірілмей төленуге жатады.
- ▶ 2. Ойын бизнесі салығын төлеушілер ойын бизнесі саласындағы бірнеше қызмет түрін жүзеге асырған кезде қосымша төлем ойын бизнесі саласындағы әрбір қызмет түрінен алынған кірістен жеке-жеке есептеледі.
- ▶ 3. Осы Кодекстің 534-бабында көрсетілмеген және ойын бизнесі саласына жатпайтын кәсіпкерлік қызметтің өзге де түрлерін жүзеге асыру кезінде ойын бизнесі салығын төлеушілер қызметтің көрсетілген түрлері бойынша кірістер мен шығыстардың бөлек есебін жүргізуге және жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен бюджетпен есеп айырысу жүргізуге міндетті.

Салық декларациясын тапсыру мерзімі. Салықты төлеу мерзімі

- ▶ Ойын бизнесі салығы бойынша декларация жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебі жеріндегі салық органына есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірілмей тапсырылады.



Бақылау сұрақтары:

1. Ойын бизнесі салығын төлеушілер
2. Салық салу объектілері
3. Салық мөлшерлемелері
4. Салықты есептеу тәртібі. Салықтық кезең

► Назарларыңызға рахмет!

